

"2013 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 13 желтоқсандағы № 158-1828 қаулысына өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 29 шілдедегі № 158-1245 қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2013 жылғы 05 тамызда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 785 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 158-2106 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 11.12.2013 № 158-2106 (алғашқы ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 7-бабының 5) тармақшасына, 20-бабының 1-тармағына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына, халықты жұмыспен қамтамасыз етуге мемлекеттік кепілдік беру жүйесін кеңейту мақсатында Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2013 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 13 желтоқсандағы № 158-1828 қаулысына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 759 болып тіркелген, 2013 жылғы 5 қаңтардағы № 2 «Астана ақшамы», 2013 жылғы 5 қаңтардағы № 2 «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс және толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыға қосымшада:

2013 жылы жұмыссыздар мен оқитын жастар үшін ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесі:

«

176.	«Экономика және қаржы колледжі» жеке білім беру мекемесі	Әртүрлі құжаттарды өңдеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуде көмек көрсету.
------	--	---

» ;

деген жол төмендегі редакцияда жазылсын:

«

--	--	--

176.	«Академик Ғ.С. Сейітқасымов атындағы Индустриялық-экономикалық колледжі» жеке білім беру мекемесі	Әртүрлі құжаттарды өңдеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуде көмек көрсету.
------	---	---

» ;

төмендегі мазмұндағы реттік нөмірлері 180-186-жолдармен толықтырылсын:

«

Р/с №	Кәсіпорындардың, ұйымдардың атауы	Жұмыстардың түрлері
1	2	3
180.	«Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті» ММ	Әртүрлі құжаттарды өңдеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуде көмек көрсету.
181.	«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті» ММ	
182.	«Астана қаласы мәслихатының аппараты» ММ	Әртүрлі құжаттарды өңдеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуде көмек көрсету.
183.	«Астана қаласының Ішкі істер департаменті «Сары-арқа» ауданының Ішкі істер басқармасы» ММ	Әртүрлі құжаттарды өңдеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуде көмек көрсету.
184.	Астана қаласының жастар саясатын қолдау мемлекеттік қоры	Мүгедектер үшін қоғамдық науқандарды, қайырымдылық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге көмек көрсету және басқалар.
185.	«Қазақстанның отаншыл жастар одағы» республикалық қоғамдық жастар бірлестігі	Әртүрлі құжаттарды өңдеу бойынша техникалық жұмыстарды жүргізуде көмек көрсету.
186.	«Қарлығаш» УИК	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдарына қала аумағын жинастыруға, тұрғын үйді жөндеуге және қайта жөндеуге қатысуға, аймақты экологиялық сауықтыруға (көгалдандыру және абаттандыру) көмек көрсету және басқалар.

» .

2. «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары А.Ғ. Балаеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

И. Тасмағамбетов